

оқушылардың белсенділігінің дәрежесі әртүрлі болды. Бұл сыйнып жетекшілерінің жұмысы мен ұйымдастыра білу, балаларды ынталандыру, әр баланы іс-әрекетке баулу қабілетіне тікелей байланысты.

Мектебімізде жаңа 2023-2024 оку жылынан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелен үрпакты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлттық құндылықтарға кіріктірілген негізгі үш бағыт: **ҰЛТТЫҚ МУДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП**. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Мектебіміздегі тәрбие пән мазмұны, сыйнып сағаттарының және мектептегі, сыйныптан тыс косымша білімберу мазмұны арқылы жүзеге асады.

Мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру келесі таланттар қойылу арқылы жүзеге асырылуда:

- 1) пәндік мазмұн шенберінде: – әр пәннің қыска мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабак барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; – бастауыш сыйнып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету; – пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде ұйымдастырылатын іс-шаралардың тәрбиелік мәніне назар аудару және оның мазмұны арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ұсынылады.
- 2) сыйнып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шенберінде:
 - ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбеккорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қогам игілігіне қызмет ету, деңсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сыйнып сағаттарының мазмұнында ескеру;
 - сыйнып сағаттары аптасына 1 сағат мектептің сабак кестесіне енгізуі және жүйелі түрде өткізіледі.

Ұлттық мұdde құндылығын оқушыларға дәріптеу мақсатында бірінші жартыжылдықта Ақсақалдар күніне арналған шаралар, оқушылар арасында патриоттық сезімді нығайту үшін дебаттық ойындар жүргізілді.

https://www.instagram.com/p/Cjljcr0swGH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ар-ұят құндылығын дәріптеу мақсатында Сыбайлас жемқорлықка карсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған адалдықсағаттары, дебат ойындары, сурет көрмелері, мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен оқушыларарасында сауалнамалар мен жадынамалар тарату акциялары, құқықтық тәрбие беруге бағытталған ПБ қызметкерлерімен кездесулер, дөнгелек үстелдер ұйымдастырылды

https://www.instagram.com/p/CHuknKnJtEO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Талап құндылығын дәріптеуде «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы – біркітап» акциясы, балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойыншакөркем фильм мен деректі фильмдерді көрсету өткізілді. Абайдын «Толық адам» ілімін насиҳаттау мақсатында «Бес нарсеге асық бол...» тақырыбында мақал-мателдер сайысы етті.

https://www.instagram.com/tv/CHvcVngJ5TB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CHwWCDUJg4Y/?utm_source=ig_web_copy_link

https://www.instagram.com/p/CH-bZPapCTt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CH-b-LRp3R-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/tv/CJIZTcrJwf6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/CJlxEK6JL91/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Біртұтас тәрбие» жобасының тиімділігі мектебіміз үшін ата-аналармен қарым-қатынастың нығаюына әкелді. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды ересек буынның жеткізуі арқылы өзінің нәтижелілігін көрсетіп отыр. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар арқылы ата-аналарға да мектеппен тығыз қарым қатынаста болуға жол ашып беріп отыр.